

IN 15

Ceresit

ТЕГІСТЕУІШ ГИПС СЫЛАҚ

Қабырғалар мен төбелерге арналған (бір өтіп жаққанда қабаттың қалыңдығы 5-50 мм)

ҚАСИЕТТЕРІ

- ылғалдылығы қалыпты орынжайларда жұмыстарға арналған
- минералдық негіздерге жоғары жабысқақтығы бар;
- созымды және жұмыста ыңғайлы;
- "тыныс алатын" бу өткізгіш бетті құрайды
- механикаландырылған тәсілмен жағу мүмкін болады

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Ceresit IN 15 сылағы бетон, цемент-эк, цемент-құм, кірпіш, гипс негіздерді әрі қарай әрлеу үшін жоғары сапалы тегістеуге арналған. Бір жаққан кезде қабаттың қалыңдығы - 50 мм дейін. Тереңдігі 50 мм дейін кішкене жарықтарды және шұңғылшаларды толтыру үшін пайдалануы мүмкін. Жаққаннан кейін "тыныс алатын" бу өткізгіш бетті құрайды, қабырғалар мен төбелерде ылғалдың сұйықталуын болдырмайды. Едендерді жөндеу үшін, және ылғалдылығы жоғары орынжайларда қолдануға болмайды.

Ceresit IN 15 сылағын жоғары тиімді сылақ агрегаттары арқылы салуға және кейінен болат түзеуішпен тегістеуге болады.

Үлкен жарықтарды, тесіктерді толтыру, электр сымдарды бекіту, терең тігістерді бітеу, негіздерді қаптау үшін дайындау үшін сонымен қатар Ceresit Сылақты, Ceresit CT 29 немесе Ceresit CX 5 материалдарын пайдалануға болады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.02-29- 2004 талаптарына сәйкес болуға, құрғақ және жеткілікті берік, көрінетін бұзылыстарсыз болуға тиіс. Негізді шаңсыздандырып желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту керек. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет.

Үлкен жарықтарды және тегіс емес жерлерді жұмыстар басталғанға дейін кем дегенде 24 сағат қалғанда Ceresit IN 15, Ceresit Сылақпен немесе Ceresit CT 29 толтыру керек.

Биологиялық жемірілу элементтері бар негіздерді Ceresit CT 99 арнайы құрамымен өңдеңіз немесе жемірілген учаскелерді механикалық жолмен жойыңыз.

Барлық негіздерді әрлеудің сапасын және төзімділігін арттыру үшін мольнан ылғалдандырып немесе Ceresit CT 7 немесе CT 17 астарымен өңдеп кейінен 4-6 сағат ішінде кептіру қажет. Күнмен жылытылатын, сондай-ақ қатты сіңіретін негіздерді ылғалдандыру немесе Ceresit CT 7 немесе CT 17 астарымен бірнеше рет өңдеу керек.

Жылтыр негіздерді кедір-бұдыр бетті алу үшін зімпара қағазбен өңдеңіз.



ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°С дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Қолмен дайындауға жол беріледі. Ерітінді қоспасы дайындалған сәттен бастап 1 сағат ішінде жұмсалуды тиіс.

Материалмен жұмыс істеген кезде дәстүрлі тәсілдер мен құрал-саймандарды пайдаланады. Ерітінді қоспасын бетке бір-біріне перпендикуляр жолақтармен жағу қажет, артылғанын жойып қайтадан пайдалану қажет. Бір рет өтіп сылақты қалыңдығы 50 мм дейін қабатпен жағуға болады.

Бет түпкілікті кепкеннен кейін қажет болған кезде ажарлауды жүргізуге болады.

Ерітінді қоспасы жағылғаннан кейін пайда болған ақауларды оны кепкеннен кейін бетті майда түйіршікті зімпара қағазбен, вольфрам тормен өңдеп немесе ұсақ ақауларды Ceresit IN 15 толтырып түзетуге болады.

Қалыпты климаттық жағдайларда (ауаның температурасы +20°С және салыстырмалы ылғалдылығы 60%) және жақсы желдету кезінде ажарлауға 8 сағаттан кейін, сырлауға, тұсқағаздарды желімдеуге - 48 сағаттан кейін кірісуге болады.

Сылақтың жаңа шыққан қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендеріг - тек механикалық түрде кетіруге болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін.

Ceresit IN 15 қоспасының құрамында гипс бар және ол сумен әрекеттескен кезде сілтілі реакция береді, сондықтан онымен жұмыс істеген кезде көз бен теріні қорғау қажет. Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, материалмен жұмыс істеген кезде сонымен қатар ҚНЖЕ 3.02-29-2004 басшылыққа алу керек. Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес. Сақтау мерзімі өткеннен кейін құрылыс қоқыс болып кәдеге жаратылуға жатады.

ҚАПТАМА

Ceresit IN 15 сылағы 25 кг қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

IN 15 құрамы:	минералдық ірі дисперсиялық толтырғыштары, полимерлік түрлендіргіштері бар гипс қоспасы
Түсі:	сұр
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	- 0,95 кг/дм ³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	- 1,5 кг/дм ³
Араластыруға арналған судың көлемі:	1 кг құрғақ қоспаға шамамен 0,48 – 0,52 л су немесе 12,5 25 кг құрғақ қоспаға шамамен 12,5 – 13,75 л су қолмен жағу кезінде 1 кг құрғақ қоспаға шамамен 0,50 – 0,52 л су немесе 12,5 25 кг құрғақ қоспаға шамамен 12,5 – 13,0 л су машина арқылы жағу
Тұтыну уақыты:	- 2 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Қабат қалыңдығы:	5,0-ден 50,0 мм-ге дейін
Ажарлауға дайындығы:	8 сағаттан кейін
Сырлауға және тұсқағаздарды жапсыруға дайындығы:	48 сағаттан кейін
Қолдану саласына сай барлық негіздерге жабысқақтығы:	> 0,35 МПа
Бү өткізгіштігі:	≥ 0,07 мг / (м сағ Па)
Шегуі:	< 0,5 мм/м
Қысымдауға беріктігі:	>5 МПа
	>2 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі:	
Пайдалану температурасы:	0-ден +70 °C-қа дейін
IN 15 шығыны:	Қабат қалыңдығының 5 мм-не 6,0 – 7,0 кг/м ²